| № | Тақырыбы | Мақсаты.Міндеті | Мерзімі |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Бір және көп. Үлкен және кіші. Шеңбер | **Мақсаты**:«бір және көп» ұғымдарын қалыптастыру; заттарды өлшемі (үлкен, кіші) бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері**<br>•заттарды санына қарай салыстыра алу қабілетін арттыру, бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету;<br>•санаудың дұрыс тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санау (2 зат көлемінде);<br>•солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атап шығу, санмен затты сәйкестендіру;<br>• екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру;<br>• таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру, оларды осы белгілеріне қарай топтастыру;<br>• геометриялық пішін–шеңбер туралы өткенді пысықтау (өзге геом-лық пішіндердің арасынан табу);<br>•өзара көмек сезімдерін дамыту. | 06.09 |
| 2 | Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ | **Мақсаты:**2-3 санды салыстыру, үлгі бойынша санау; уақыт және кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру; өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалауларын дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>• санау тәсілдерін пайдалана отырып, заттарды санауды үйрету (3 көлеміндегі сандар);<br>• үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау;<br>• заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда сөзбен жеткізе білуге үйретуді жалғастыру;<br>• қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру; | 13.09 |
| 3 | Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы | **Мақсаты**: заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• сан мен заттың саны арасындағы байланысты қою;<br>• заттарды санау қабілетін күшейту;<br>• заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастыру, осы сөздерді сөйлеу барысында қолдана білу;<br>• заттардың ұқсас белгілерін (көлемін) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйрету;<br>• геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту;<br>• зейіндерін дамыту;<br>•пәнге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 20.09 |
| 4 | Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі. Сол жағында, ортасында, оң жағында. | **Мақсаты:** 4 көлемінде санау дағдыларын, тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдірін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• заттарды санауды үйретуді жалғастыру;<br>• екі топтағы заттарды санау;<br>• саны жағынан аз топқа жетпей тұрған затты қосу;<br>• әртүрлі, бірақ саны жағынан бірдей заттардан құралған топтарды теңестіруді үйрету;<br>• балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; | 27.09 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | • заттардың орналасу ретін сөзбен баяндауды жалғастыру (сол жағында, ортасында, оң жағында);<br>•өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу. | |
| 5 | 1 саны мен цифры. Сол жағында, оң жағында. Шеңбер мен шаршы | **Мақсаты:** 1 цифрымен таныстыру; заттардың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, ортасында), шеңбер, шаршы туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>• математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;<br>• 1 цифрын 1 санының таңбасы ретінде таныстыру;<br>• үлгіні пайдалана отырып, 1 цифрын салуды үйрету;<br>•өзге сандардың арасынан 1 цифрын табу;<br>•заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білу дағдыларын бекіту<br>(оң жақта, сол жақта, ортасында);<br>•геометриялық пішіндердің орналасу ретін түсіндіру;<br>• балалардың бойында тәртіптілік, жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу. | 04.10 |
| 6 | 1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш. | **Мақсаты:**1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>• жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;<br>• таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруға, заттарды сол белгілері бойынша біріктіруге үйрету;<br>• үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету;<br>• үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру;<br>• «жылдам», «баяу» түсініктерін айыра білуге үйрету;<br>• көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту;<br>•тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу. | 11.10 |
| 7 | 2 саны мен цифры. Үшбұрыш. Қысқа – ұзын. Жақын –алыс | **Мақсаты:**2 цифрымен таныстыру; «ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• 2 саны және цифрымен таныстыру;<br>• 2 цифрын жазып үйрену;<br>• үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету;<br>• үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру;<br>• «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету;<br>• «қысқа», «ұзын» ұғымдарын айыра білуге үйрету;<br>• өзара көмек сезімін тәрбиелеу. | 18.10 |
| 8 | 2 саны мен цифры. Жақын – алыс. | **Мақсаты:** цифр туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>• 2 цифры мен саны туралы өткенді пысықтау;<br>•цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;<br>• жұмбақты көрген мәліметтер негізінде шешу жолдарын үйрету;<br>• «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету;<br>•логикалық ойлауын дамыту. | 25.10 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | 3 саны мен цифры.<br>3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру<br>Кеше, бүгін, ертең. | **Мақсаты**: 3 цифрымен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту.<br>**Міндеттері:** • математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтер негізінде шешуге үйрету;<br>• 3 цифрын 3 санының таңбасы ретінде таныстыру;<br>• нүктелерді қосып, 3 цифрын салуды үйрену;<br>• өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу;<br>• жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. | 01.11 |
| 10 | 1, 2, 3 цифрлары.<br>Биік – аласа. | **Мақсаты:** 1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>• 3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру;<br>• 1, 2, 3 цифрларын жазу дағдыларын нығайту;<br>• 1, 2, 3 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастырамыз;<br>• таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау;<br>• бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту;<br>• Ортаға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу. | 08.11 |
| 11 | 3, 4 цифрларын салыстыру.<br>Кең – тар.<br>Шаршы. | **Мақсаты:** заттар санын цифрмен сәйкестендіре алу дағдыларын қалыптастыру; шаршыны зерттеу.<br>**Міндеттері:**<br>• математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;<br>• заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету;<br>• екі топтағы заттарды салыстыруға жаттығу;<br>• заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын дамыту;<br>• таныс заттарды еніне қарай (кең, тар) салыстыру қабілетін ұштау;<br>•шаршы туралы білімін ұштау, оны өзге геометриялық пішіндер арасынан табу;<br>• шаршы көлеміне қарай әртүрлі болатынын түсіндіру;<br>• топпен жұмыс істей алуға тәрбиелеу. | 15.11 |
| 12 | Заттар тобын теңестіру | **Мақсаты:**үлгі бойынша санау дағдыларын қалыптастыру; санның, заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігін түсіну; кеңістікте бағдарлай алу.<br>**Міндеттері:**<br>• заттар шеңбердің немесе шаршының ішіне орналастырылған жағдайда екі топтағы заттарды теңестіруді үйрету;<br>• заттарды үлгі бойынша санап шығуға үйрету;<br>• әртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету;<br>• заттардың орналасуын өзіне қатысты тұрғыда анықтай білуге үйретуді;<br>• баланың зейінін дамыту;<br>• зейіндерін дамыту;<br>• көмекке ұмтылуға дайын болу. | 22.11 |
| 13 | 4 саны мен цифры. Үлкен – кішкентай. | **Мақсаты:** 4 цифрымен таныстыру; заттардың шамасы, бөлімі бойынша алғашқы ұғымдарын қалыптастыру; зейіндерін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>• математикалық жұмбақтарды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу; | 29.11 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | • 4 цифрын 4 санының таңбасы ретінде таныстыру;<br>• нүкте бойымен 4 цифрын бастырып салуды үйрену;<br>•өзге цифрлардың арасынан 4 санын табу;<br>•«үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету;<br>•көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ету;<br>•тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу. | |
| 14 | 4 саны мен цифры. Логикалық есептер. | **Мақсаты:**1 цифры туралы білімдерін бекіту; кеңістікте бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері: •** 4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау;<br>• үшбұрыш, шаршы геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау;<br>• айналадағы заттардан геометриялық пішіндердіажырата білуге үйрету;<br>• ойлау қабілеттерін дамыту;<br>• табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | 06.12 |
| 15 | Сандарды салыстыру. Алыс– жақын. | **Мақсаты:**1, 2, 3, 4 цифрлары туралы білімдерін бекіту; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• үлгі бойынша және аталған сан бойынша санап үйрену;<br>• сандардың байланысын түсіндіру (2-3);<br>• 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру;<br>• санмен берілген жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;<br>• «кеңістік» ұғымын қалыптастыру (алыс, жақын);<br>• шеңбер, шаршы, үшбұрыш сынды геометриялық пішіндер туралы ұғымды бекіту;<br>• логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету; | 13.12 |
| 16 | Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы | **Мақсаты:**уақыт және кеңістік бойынша бағдарлай алу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>• кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарын қалыптастыру;<br>• үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табуды үйрету;<br>• үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатынын түсіндіру;<br>• балалардың геометриялық пішіндер туралы білімін нығайту;<br>• ойлау дағдыларын және зейіндерін арттыру; | 20.12 |
| 17 | 5 цифры мен саны. Сол жағында, ортасында, оң жағында. | **Мақсаты:**5 цифрымен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу.<br>**Міндеттері:**<br>• математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;<br>• 5 цифрымен таныстыру;<br>• 5 цифрын нүктелер арқылы салу;<br>• заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жақта, оң жақта, алдында, артында);<br>• логикалық жұмбақтарды шешуге үйрету; | 27.12 |
| 18 | 5саны мен цифры. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау. | **Мақсаты**: 5 цифры туралы алған білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>• 5-ке дейін санау қабілетін арттыру;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; | 10.01 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | • түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйрету;<br>• айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді табуға үйрету;<br>• тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу. | |
| 19 | Реттік санау. Оң жақта, сол жақта, ортасында. | **Мақсаты:** реттік санаумен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу (оң жақта, сол жақта, ортасында).<br>**Міндеттері:**<br>• 5-ке дейінгі сандарды ретімен санауға, сандық және реттік санауды айыруға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету;<br>• қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру;<br>• заттардан геометриялық пішіндерді табуға үйрету;<br>• 5 затты ұзындығына қарай сәйкестендіруге, заттарды ұзындығының кемуіне қарай бір қатарға, ұзындығының артуына қарай бір қатарға орналастыруға үйрету (басты ереже: әрқашан ең ұзын немесе ең қысқа заттан бастау керек). • зейіндерін дамыту; | 17.01 |
| 20 | Реттік санау. Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі. Геометриялық пішіндер. | **Мақсаты:** реттік санау туралы білімдерін бекіту; сандардың, заттардың орналасуына тәуелсіздігі туралы білімдерін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>• реттік санауды, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйретуді жалғастыру;<br>• логикалық жұмбақтарды шешуге үйрету;<br>• заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуге үйрету;<br>• заттың санын цифрмен сәйкестендіруге үйрету;<br>• көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту; | 24.01 |
| 21 | Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау | **Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; шар, цилиндр, текше сияқты пішіндермен таныстыру.<br>**Міндеттері:**<br>• үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету;<br>• екі топтағы заттарды салыстыру;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіру;<br>• «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету;<br>• шеңбер, шаршы сияқты геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау;<br>• шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық пішіндермен таныстыру;<br>• тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру; | 31.01 |
| 22 | Оқиғаның ретін анықтау. Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр | **Мақсаты:**1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы білімдерін бекіту. Шар, цилиндр, текше сияқты көлемді денелермен таныстыру. **Міндеттері:**<br>• үлгі бойынша санауға және дәл сондай заттар санын айта білуге үйрету;<br>• екі топтағы заттарды салыстыру;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіру;<br>• «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету;<br>• шеңбер, шаршы сияқты геометриялық пішіндер туралы өткенді пысықтау; | 07.02 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | • шар, текше, цилиндр сияқты геометриялық пішіндермен таныстыру;<br>• оқулықтағы тапсырманы түсініп, оны өз бетінше орындауға машықтандыру;<br>• өзін-өзі бақылау және өз-өзін бағалауға дағдыландыру;<br>• оқиғаның ретін анықтауға үйрету; | |
| 23 | Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру | **Мақсаты:** реттік сандар туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>• реттік санауды (5-ке дейінгі сандар) әрі қарай жалғастыру, сандық және реттік санауды айыру, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету;<br>• цифрды сандық карточкамен және заттың санымен салыстыруға үйрету;<br>• шеңбер, шаршы, үшбұрыш, сияқты геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; | 14.02 |
| 24 | Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру Сол жағында, оң жағында. | **Мақсаты:** қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;<br>• қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында);<br>• көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. | 21.02 |
| 25 | Реттік санау. Заттың санын цифрмен сәйкестен- | **Мақсаты:**реттік санау туралы білімдерін бекіту; үлгі бойынша санау; заттың саны мен цифр арасындағы сәйкестікті қою.<br>**Міндеттері:**<br>• реттік санауға машықтандыру (5 саны көлемінде), сандық және реттік санауды айыра білуге, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету;<br>• заттың санын цифрмен сәйкестендіруді үйрету;<br>• «солға», «оңға» ұғымдарын айыруға үйрету;<br>• оқиғаның ретін анықтауға үйретеу;<br>• еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>• реттік санауға машықтандыру (5 саны көлемінде) | 28.02 |
| 26 | Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігі. Заттарды көлемі бойынша салыстыру. | **Мақсаты:**көзмөлшерлерін, зейіндерін дамыту; қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету;<br>• кеңістікте орналасуына тәуелсіз тұрғыда заттар тобын теңестіруді үйрету;<br>• математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйрету;<br>• көлемі жағынан әртүрлі заттарды салыстыруды үйрету;<br>• түрлі заттардың ұқсастығын табу және оларды сол белгілері арқылы біріктіруге үйрету;<br>• заңдылықтарды анықтауға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету;<br>• бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. | 07.03 |
| 27 | Реттік санау. Өзіне қатысты тұрғыда заттардың кеңістікте орналасуы. Заттардың санын цифрмен сәйкестендіру | **Мақсаты:**реттік санау туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>•реттік санауға машықтандыру (5 саны көлемінде), сандық және реттік санауды ажыратуға, «қанша?», «нешінші?» деген сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету;<br>•оқиғаның ретін анықтауға арналған логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету;<br>•өзіне қатысты тұрғыда заттардың орналасу жағдайын сөзбен айта білу дағдыларын бекіту; | 14.03 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | • заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен жеткізу (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, арасында);<br>• көмек көрсете білуге тәрбиелеу. | |
| 28 | 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру | **Мақсаты:**зейіндерін дамыту; математикалық жұмбақтарды шешуге үйрету.<br>**Міндеттері:**<br>•санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде);<br>•математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйретуді жалғастыру;<br>•заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту;<br>•көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту;<br>•бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту; | 28.03 |
| 29 | 1, 2, 3, 4, 5 цифрлары. Реттік санау. Оң жақта – сол жақта, жоғарыда төменде | **Мақсаты:**1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>•1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы өткенді пысықтау;<br>•5-ке дейін санауды жалғастыру, «қанша?», «нешінші?» сандарына дұрыс жауап беруге үйрету;<br>•символдық суреттерден геометриялық пішіндерді таба білу дағдыларын бекіту;<br>•қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру;<br>•салыстыруға берілген логикалық тапсырмаларды шешу жолдарын үйрету; | 04.04 |
| 30 | 4–5 сандарын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Не неге ұқсайды? Оң жақта – сол жақта. | **Мақсаты:** геометриялық денелермен шынайы заттарды салыстыру; цифрды заттар санымен сәйкестендіру.<br>**Міндеттері:**<br>•цифрды заттың санымен сәйкестендіру қабілетін бекіту;<br>•4 және 5 сандарын салыстыруды үйрету, заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын дамыту;<br>•айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық пішіндерді көре білуге дағдыландыру;<br>•көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету;<br>• кеңістіктегі қарым-қатынастар (сол жақта, оң жақта) туралы түсінігін бекіту;<br>• мультфильм кейіпкерлеріне деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. | 11.04 |
| 31 | Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын. | **Мақсаты**: заттар санын цифрмен сәйкестендіру; кеңістікте бағдарлау; зейіндерін дамыту.<br>**Міндеттері:**<br>•цифр мен заттың санын сәйкестендіруді жалғастыру;<br>•математикалық жұмбақтарды шешуге үйрету;<br>•өзіне қатысты тұрғыда заттардың орналасуын сөзбен баяндай білу дағдыларын бекіту;<br>•логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету;<br>•бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту; • достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | 18.04 |
| 32 | Цифрлар. 4-5 сандарын салыстыру. Кең – тар | **Мақсаты:** цифрлар туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы ұғымдарын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:**<br>•заттың санын цифрмен сәйкестендіруді жалғастыру;<br>•математикалық жұмбақтарды шешу жолдарын үйретуді жалғастыру;<br>•4 және 5 сандарын салыстыруды үйрету, заттар тобының тең және тең еместігі туралы ұғымдарын дамыту; | 25.04 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | •сандар арасындағы байланысты түсіндіруді жалғастыру;<br>•«тез», «баяу» ұғымдарын нақты мысалдармен түсіндіру;<br>•заттарды еніне қарай салыстыруды үйрету;<br>•логикалық тапсырмаларды шешуді үйрету; | |
| 33 | Есептік және реттік санау. Заттың саны мен цифрды сәйкестендіру | **Мақсаты:** реттік санау туралы білімдерін бекіту; геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>• математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;<br>• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>•оқиғаның ретін анықтауға үйрету;<br>• геометриялық пішіндер: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, туралы өткенді пысықтау;<br>• жауапкершілік сезімдерін арттыру. | 16.05 |
| 34 | Заттар тобын салыстыру. Заттың санын цифрмен сәйкестендіру | **Мақсаты:**1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы білімдерін бекіту; кеңістікте бағдарлау.<br>**Міндеттері:**<br>• 1, 2, 3, 4 цифрларын заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру;<br>• математикалық жұмбақтарды шешуді үйрету;<br>• заттың санын цифрмен сәйкестендіруді жалғастыру;<br>• екі топтағы заттарды сәйкестендіруге жаттығу;<br>•бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту; • бір-бірімен бөлісе білуге тәрбиелеу. | 23.05 |
| 35 | Сан мен цифрды сәйкестендіру Есептік және реттік санау. Үлкен, кіші, кішкентай, өте кіші. Не неге ұқсайды? | **Мақсаты:** 5 цифры туралы білімдерін бекіту.<br>**Міндеттері:**<br>.• цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету;<br>• аяқталмаған пішіндерден геометриялық пішіндерді көре білуге үйрету;<br>• «үлкен», «кіші», «кішкентай», «өте кіші» ұғымдарын бекіту. | 30.05 |
| | | жиыны | |